

"Мемлекеттік сатып алу туралы" және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының жобалары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 қазан N 1324. ҚР Парламенті Мәжілісіндегі Заңының жобасы қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2002.01.21 . N 69 қаулысымен. ~P020069

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мемлекеттік сатып алу туралы" және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының жобалары Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

**Мемлекеттік сатып алу туралы**

Осы Заң мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың билігіндегі ақшаны тиісті пайдалану мақсатында олардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алушы жүзеге асыру процесінде туындастын қатынастарды реттейді.

**1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік сатып алу - мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың өз билігіндегі ақшаның есебінен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуы;

2) мемлекеттік сатып алу туралы шарт - осы Занға және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

3) тапсырыс беруші - мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар;

4) конкурс - тапсырыс берушінің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуына бағытталған және ықтимал өнім берушілер арасында ашық та адаптациялестіктікі көздейтін мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәсілі;

5) конкурстық құжаттама - конкурсты өткізу шарттары мен тәртібі қамтылатын, конкурстық өтінімдерді дайындау үшін ықтимал өнім берушіге ұсынылатын құжаттама ;

6) біртекті тауарлар, жұмыстар және қызметтер - олардың бірдей функцияларды орындауына және өзара алмастыруши болуына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар әрі ұқсас құрауыштардан тұратын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер;

7) конкурсты ұйымдастыруши - тапсырыс беруші немесе осы Занға сәйкес конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін тапсырысшы атынан әрекет ететін мемлекеттік орган ;

8) мерзімді баспасөз - жүргізілетін және жүргізілген мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер жарияланатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тапсырыс беруші анықтайтын мерзімді баспасөз басылымы;

9) өнім беруші - тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта оның қарсы агенті ретінде әрекет ететін занды (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) немесе жеке тұлға ;

10) ықтимал өнім беруші - мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу

мақсатында мемлекеттік сатып алу процесіне қатысатын занды (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) немесе жеке тұлға;

11) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын, мемлекеттік сатып алу процесін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-бап. Мемлекеттік сатып алу процесі

## Мемлекеттік сатып алу процесі:

- 1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің номенклатурасы мен көлемдерін қалыптастыруды;
  - 2) өнім берушіні тандауды, онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;
  - 3) мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды орындауды қамтиды.

3-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы заңдардың қағидаттары

Мемлекеттік сатып алуға байланысты қатынастарды реттеу мынадай қағидаттарға:

- 1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны ұтқыр да тиімді жұмсауға;
  - 2) барлық ықтимал өнім берушіге осы Занда көзделгеннен басқа жағдайларда псырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға тысұна тен мұмкіндік беруге;
  - 3) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді ықтимал берушілер арасындағы адальдық ережелестікке;
  - 4) мемлекеттік сатып алу процесінің жариялышы мен айқындылышына негізделеді

## 4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдары

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының K951000\_ Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгеннен өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## 5-бап. Мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі ү ә к і л е т т і о р г а н

1. Мемлекеттік сатып алу процесін реттеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.
  2. Мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі уәкілетті орган:  
1) мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік сатып алу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен өз құзыretі шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

3) мемлекеттік сатып алу процесін үйлестіруді және мониторингін жүзеге асырады;

4) мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;

5) мемлекеттік сатып алу мәселелері жөніндегі есептілікті жасаудың және ұсынудың тәртібін анықтайды;

6) өз құзыretі шегінде әдістемелік материалдарды әзірлейді және бекітеді, мемлекеттік сатып алу мәселелері жөнінде тапсырыс берушіге консультациялық көмек көрсетеді ;

7) заңнамада белгіленген тәртіппен осы Занды және мемлекеттік сатып алу мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзып қабылданған конкурсты ұйымдастырушылардың, тапсырыс берушілердің және конкурстық комиссиялардың шешімдерінің күшін жоюға немесе қайта қарауға бастамашылық етеді , сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзып жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сотқа өтініш жасайды;

8) өз құзыretі шегінде мемлекеттік сатып алу туралы заңдар саласында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды, хаттамалар жасайды және әкімшілік жаза қолданады ;

9) осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

#### 6-бап. Мемлекеттік сатып алуға байланысты қызметтегі жариялалық

1. Мемлекеттік құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, конкурсты жариялау туралы, өткізілген мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтерді тапсырыс беруші мерзімді баспасөзде жариялайды және уәкілетті орган белгілеген нысандар мен мерзімдер бойынша оған ұсынады .

2. Іқтимал өнім беруші үйғарылып отырған мемлекеттік сатып алуға өзінің қатысуын жоспарлауы үшін уәкілетті орган мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратты БАҚ-та немесе жалпыға жетімді телекоммуникациялық жерлерде (Интернет және басқалар) ұдайы жарияладап отырады .

#### 7-бап. Мемлекеттік сатып алу процесіне байланысты шектеулөр

1. Мемлекеттік сатып алу процесіне қатысатын ықтимал өнім берушінің лауазымды

немесе сенім білдірілген тұлғасының жақын туыстары (ата-анасы, ері-зайыбы, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары) немесе құда-жекжаттары (ерлі-зайыптылардың аға-інісі, апа-сіңлісі, ата-анасы және балалары) мемлекеттік сатып алуға байланысты тапсырыс берушінің мүдделерін білдіруге құқығы жоқ.

2. Іқтимал өнім беруші немесе конкурстық құжаттаманы дайындау бойынша тапсырыс берушіге консультациялық қызметтер көрсететін оның қызметкері көрсетілген консультациялық қызметтерге байланысты тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға құқығы жоқ.

3. Мемлекеттік сатып алу процесіне қатысатын ықтимал өнім беруші қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама анықтауға, осындай шешімдерге, оның ішінде шарттың немесе өзге мәміленің күшіне ықпал етуге құқығы бар жеке немесе заңды тұлғаның мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуға құқығы жоқ.

4. Осы бапта көрсетілген негіздер бойынша конкурстық өтінімді кейінге қалдырган кезде конкурстың қорытындысы туралы хаттамада оны кейінге қалдыру негізdemесі көрсетіледі, ол конкурстық өтінімді ұсынған ықтимал өнім берушіге хабарланады.

#### 8-бап. Іқтимал өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптар

1. Мемлекеттік сатып алу процесіне қатысу үшін ықтимал өнім беруші мынадай біліктілік талаптарды қанағаттандыруға тиіс:

1) осы Заңның 26-бабына сәйкес тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетумен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілерінен басқа, кәсіптік біліктілігі, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтер көрсетудің рыногындағы жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарының болуы;

3) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға азаматтық құқықтық қабілетінің б о л у ы ;

4) төлем қабілетінің болуы, таратуға жатпауы, оның мүлкі тұтқынға алынбауы, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тоқтатылмауы;

5) соңғы екі жыл ішінде жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін немесе басқа міндеттемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін сотпен жауапкершілікке тартылмауы тиіс.

2. Іқтимал өнім беруші осы баптың 1-тармағында көзделген біліктілік талаптарға өзінің сәйкестігіне растама ретінде конкурсты ұйымдастырушыға (тапсырыс берушіге) атtestatтардың, куәліктердің, патенттердің, лицензиялардың, сертификаттардың, дипломдардың және анықтамалардың көшірмелерін ұсынады.

Заң актілерімен міндетті аудит өткізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы

жылы үшін аудиторлық есепті де ұсынады.

3. Іқтимал өнім беруші біліктілік талаптары бойынша толық немесе дәл ақпарат бермеген жағдайда, ол осындай факт анықталған кезден бастап бір жыл бойы мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуға жіберілмейді.

Ұсынылатын ақпараттың толықтығы конкурсты ұйымдастыруши (тапсырыс беруші) ықтимал берушінің біліктілік талаптарына сай келетіндігін растайтын құжаттарын қару кезінде анықталауды.

4. Конкурсты ұйымдастыруши және тапсырыс беруші ықтимал өнім берушіге осы баптың N 2-тармақтарында көзделген талаптардан басқа біліктілік талаптарды белгілеуге құқығы жоқ және ықтимал өнім беруші оған қойылған біліктілік талаптарға жатпайтын ақпаратты бермеуге құқылы.

#### 9-бап. Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру тәсілдері

1. Мемлекеттік сатып алу мына тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

- 1) конкурс;
- 2) баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау;
- 3) бір көзден сатып алу.

2. Конкурстың түрлері:

- 1) ашық конкурс;
- 2) жабық конкурс.

Ашық конкурс пен жабық конкурс екі кезеңді рәсімді пайдалана отырып өткізуі мүмкін.

3. Осы баптың 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру үшін конкурсты ұйымдастыруши (тапсырыс беруші) конкурстық комиссия құрады.

Конкурстық комиссияның мүшелері конкурстың өткізуі үшін осы Занға сәйкес д е р б е с ж а у а п б е р е д і .

Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыру және өткізу тәртібін, конкурстық комиссияны ұйымдастыру және оның қызметінің тәртібін, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алушың салалық ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Укіметі белгілейді.

4. Мемлекеттік органдар мен мекемелер, қазыналық кәсіпорындар шығыстар сметасын бекіткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алушың жоспарын бекітеді, онда сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің жоспарланған номенклатурасы мен көлемі, мемлекеттік сатып алушы жүзеге асырудың

тәсілі мен мерзімдері көрсетіледі.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар, бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар жыл сайын, бірінші ақпанның кешіктірмей, даму жоспарлары, бизнес-жоспарлары және өзге де қаржылық-шаруашылық жоспарлары негізінде, сатып алуы жоспарланып отырған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтер көрсетудің номенклатурасы мен көлемі, мемлекеттік сатып алудың тәсілі және мерзімдері көрсетілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекітеді.

Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бекітілгеннен кейін екі апта мерзімінде оны уәкілетті органға ұсынады.

5. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін осы Заңға сәйкес тапсырыс беруші таңдауды.

## 2-тарау. АШЫҚ КОНКУРС ТӘСІЛІМЕН МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

10-бап. Ашық конкурсты ұйымдастыру

1. Ашық конкурс, осы Занда сатып алуды жүзеге асырудың өзге тәсілі көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негізгі тәсілі болып табылады.

2. Конкурсты конкурс ұйымдастырушы ұйымдастырады және өткізеді. Тапсырыс беруші немесе осы баптың 3 және 4-тармақтарына сәйкес сондай болып анықталған тұлға конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

3. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі өзінің бағынысындағы мемлекеттік мекемелер үшін конкурсты ұйымдастырушы ретінде әрекет етуге құқылы.

Тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің әкімі жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін олардың арасынан бірыңғай конкурсты ұйымдастырушыны анықтауға күкілді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі, тиісті әкімшілік-аумақтың бірлік әкімінің бірыңғай конкурсты ұйымдастырушыны анықтауын қоспағанда, тиісті бюджеттердің деңгейлері бойынша өзінің бағынысындағы мемлекеттік мекемелер үшін конкурсты ұйымдастырушы ретінде әрекет етуге құқылы.

4. Мемлекеттік органдарға бағынысты мемлекеттік мекемелерден басқа, бірнеше тапсырыс беруші өз арасында бірыңғай конкурсты ұйымдастырушыны анықтай отырып, тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің біртекті түрлерін мемлекеттік сатып алу жөнінде бірыңғай конкурс өткізуіне болады.

11-бап. Конкурсты өткізу туралы хабарландыру

( х а б а р л а м а )

1. Конкурсты өткізу туралы хабарландыру (хабарлама) мынадай мәліметтерді  
қ а м т у ы т и і с :

- 1) конкурсты ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері;
- 2) болжамдалып отырған мемлекеттік сатып алу көлемі, номенклатуrasesы

және тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету орны;

3) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдері;

- 4) конкурстың құжаттаманы алатын орын мен тәсілдері;
- 5) конкурстың өтінімдерді ұсынар орын мен соңғы мерзімі, сондай-ақ конкурстың өтінімдер салынған конверттерді ашар орын, күні және уақыты;
- 6) ықтимал өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары;
- 7) конкурстың өтінімді қамтамасыз ету тәсілі және шарттары;
- 8) басқа да қажетті ақпарат.

2. Ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыру осы конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдауды аяқтау күніне дейін бір айдан кешіктірмей мерзімді баспасөзде жариялануы тиіс.

Конкурсты ұйымдастырушы хабарландыруларды жариялаумен бір уақытта уәкілетті органды жарияланған конкурс туралы хабардар етеді.

12-бап. Конкурстың құжаттаманың мазмұны және оның ережелерін түсіндіру

1. Конкурсты ұйымдастырушы барлық ықтимал өнім берушіге мынадай ақпаратты:

1) ықтимал өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарды және өзінің қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын ықтимал өнім беруші табыс ететін құжаттардың талаптары мен басқа да ақпаратты;

2) техникалық ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбалар мен нобайларды қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сипаттауы мен талап етілетін техникалық және сапалық сипаттамаларын;

3) сатып алынатын тауардың санын, орындалатын жұмыстар мен қызметтердің көлемін;

4) жұмыстардың орындалу немесе тауарларды жеткізу мен қызметтерді көрсету орнын;

5) талап етілетін тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету мерзімдерін;

6) төлем шарттарын;

7) жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтау негізделетін бағадан басқа, барлық өлшемдердің сипаттауы, соның ішінде мұндай әрбір өлшемдердің салыстырмалы мәнін, конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру тәсілін сипаттауды;

8) егер тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің балама сипаттамаларына жол берілсе, балама конкурстық өтінімдерге баға беру мен салыстыру әдісінің тиісті нұсқауы мен сипаттамасын, шарттың ережелері немесе конкурстық құжаттамада айтылған басқа талаптарды;

9) тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің өздерінің құнынан басқа, баға басқа элементтерді (тасымалдауға және сақтандыруға, кеден баждарын, салықтар мен алымдарды және т.б. төлеуге арналған шығыстар) қамтуы тиістілігіне не тиісті еместігіне қатысты нұсқамаларды қоса алғанда, конкурстық өтінімнің бағасын есептеу тәсілін;

10) конкурстық өтінімнің бағасы көрсетілуі тиіс валютаны немесе валюталарды және конкурстық өтінімдердің бағаларын салыстыру мен бағалау мақсатында оларды бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын бағамды;

11) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңына сәйкес конкурстық өтінімдерді жасаудың, мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасудың және ұсынудың тіліне қойылатын талаптарды;

12) конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу дін шарттарын, мазмұнын және насынаны;

13) ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінім берудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгерту немесе қайтарып алу құқығына тиісті нұсқаманы;

14) конкурстық өтінімдер беру тәсілін, орнын және соңғы мерзімін (бірақ жұмыс күнгі жергілікті уақыт бойынша 14-00 сағаттан кеш емес) және олардың қолданылу мәрзімін;

15) конкурстық құжаттамаға байланысты ықтимал өнім берушілер түсіндірме сұраты алатын тәсілдерді және конкурсты ұйымдастыруышының сол кезеңде ықтимал берушілермен кездесу өткізу ниеті туралы мәлімдемесін;

16) конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын орынды, күнді және уақытты (бірақ конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткен сәттен бастап екі сағаттан кеш емес);

17) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу және конкурстық өтінімдерді қарau үшін пайдаланылатын рәсімдерді;

18) конкурсты ұйымдастыруышының конкурсты дайындау және өткізу кезінде конкурсты ұйымдастыруышыны білдірге уәкілеттік берілген лаузымды тұлғалары туралы дөректерді;

19) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндettемелердің орындалуын қамтамасыз етуді енгізу шарттарын, нысанын, көлемін және тәсілін;

20) осы Заңға сәйкес отандық ықтимал өнім берушілерге басымдық беру шарттары мен тәртібін қамтитын конкурстық құжаттаманы ұсынуға міндettі.

2. Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің біртекті түрін сатып алуға конкурс өткізу кезінде конкурсты ұйымдастыруши конкурстық құжаттамада тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша бөліктерге (лоттарға) бөлуге міндettі. Бірнеше біртекті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға конкурс өткізу кезінде конкурсты ұйымдастыруши конкурстық құжаттамада тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді оларды біртекті түрлері мен жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша бөліктерге (лоттарға) бөлуге міндettі. Бұл ретте тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің әрбір лоты бойынша конкурс жеңімпазы анықталады.

3. Құрылыш мерзімі 12 айдан астам объектілерді салуға арналған және (немесе) курделі сипаты бар мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жүргізілген жағдайда, конкурсты ұйымдастыруши конкурстық құжаттамада сатып алу үшін көзделген ең жоғары соманы көрсетуі мүмкін.

4. Конкурсты ұйымдастыруши конкурстық құжаттаманы бергені үшін конкурсты ұйымдастырышының оны дайындауға, басып шығаруға және таратуға арналған шығыстарынан аспайтын мөлшерде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен және шарттарда ақы алуға құқылы. Егер конкурсты ұйымдастыруши мемлекеттік мекеме болса, мұндай ақы тиісті бюджеттің кірісіне аударылады.

5. Іқтимал өнім беруші конкурстық құжаттама ережелеріне түсіндірме беру туралы сұрау салуға құқылы, бірақ ол конкурстық өтінім берудің соңғы мерзімі өткенге дейінгі 10 күннен кешіктірілмеуі тиіс. Конкурсты ұйымдастыруши ықтимал өнім берушінің мұндай сұрау салуына үш күн мерзім ішінде жауап қайтаруға және сұрау салудың кімнен түскенін көрсетпестен, конкурсты ұйымдастыруши конкурстық құжаттама ұсынған барлық ықтимал берушіге осы түсіндірулерді хабарлауға тиіс.

6. Конкурсты ұйымдастыруши конкурстық өтінім ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін 7 күннен кешіктірмей өзінің жеке бастамасымен не қандай да бір ықтимал өнім берушінің тарапынан түсіндірме беру туралы сауалға жауап ретінде толықтыру шығару арқылы конкурстық құжаттаманы өзгертуге құқылы. Толықтыру конкурсты ұйымдастыруши конкурстық құжаттаманы ұсынған барлық ықтимал өнім берушіге дереу хабарланады және оның осындай ықтимал өнім берушілер үшін міндettі күші болады. Бұл ретте конкурсты ұйымдастыруши ықтимал өнім берушілерге осындай толықтыруларды өздерінің конкурстық өтінімдерінде ескеру үшін уақыт бере отырып, конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімін кемінде 10 күн мерзімге ұзартады.

7. Конкурсты ұйымдастыруши конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру

үшін конкурсстық құжаттамада көрсетілген белгілі бір жерде және тиісті уақытта ықтимал өнім берушілермен кездесу өткізуге құқылы. Бұл ретте конкурссты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған олардың көзін көрсетпестен, конкурсстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салуларды, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптарды қамтитын хаттама жасайды. Хаттама конкурсстық құжаттаманы конкурссты ұйымдастырушы ұсынған барлық ықтимал өнім берушіге дереу жіберіледі.

8. Конкурстық құжаттама уәкілетті орган бекітетін үлгілік конкурсстық құжаттама негіздің жасалады.

13-бап. Конкурстық өтінімдердің қолданылу, табыс етілу, өзгертулуда және қайтарып алыну мерзімі

1. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім беруші конкурсстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурсстық құжаттамаға сәйкес конкурсстық өтінімді желімделген конвертке салып конкурсты ұйымдастырушыға табыс етуге міндетті.

Іқтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімін дайындауға және беруге, сондай-ақ оның осы Заңның 12-бабының 7-тармағына сәйкес конкурсты ұйымдастырушы өткізетін кездесуге қатысуына байланысты барлық шығысты көтереді. Конкурсты ұйымдастырушы, тапсырыс беруші және конкурсстық комиссия конкурстың нәтижесіне қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөнінде міндеттеме алмайды.

2. Конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттамаға сәйкес конкурстық өтінімде көрсетілген мерзім бойы күшінде қалады.

3. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдердің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі 10 күннен кешіктірмей ықтимал өнім берушілерден осы мерзімді қосымша нақты уақыт кезеңіне ұзартуды өтіне алады. Іқтимал өнім беруші өзі берген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтып алу құқығын жоғалтпай, мұндай сауалдан бас тарта алады және оның конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі ұзартылмаған қолданылу мерзімі өткенде аяқталады.

4. Іқтимал өнім беруші өзі берген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпай, конкурстық өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгертуі немесе оны қайтарып алуы мүмкін. Осындай қайтарып алу туралы өзгеріс немесе хабарлама, егер оны конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі өткенге дейін алса, жарамды болып табылады.

14-бап. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету

1. Конкурсқа қатысуға тілек-білдірген ықтимал өнім беруші осы баптың 2-тармағында айтылған жағдайларды қоспағанда, шарттың жалпы ұсынылған сомасының 3 пайызынан 5 пайызына дейінгі көлемде, конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, тәсілмен және шарттарда конкурстық өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі өткеннен кейін өзінің конкурстық өтінімін қайтарып алмайтынына немесе өзгертпейтініне, сондай-ақ оның конкурстық өтінімі жеңіп шыққан деп танылған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоятынына кепілдік беретін конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуге міндettі.

2. Ықтимал өнім берушілер, егер:

1) олар шағын кәсіпкерлік субъектілері болса және егер олар ұсынатын конкурстық өтінімдерде тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің көлемі құндық түрде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайды ғана;

2) мемлекеттік сатып алу нысанасы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер, әзірлеулер жүргізу болса;

3) олар екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып конкурстық бірінші кезеңіне қатысса, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді.

3. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету:

1) ақшалай қаражат кепілі;

2) банктің кепілдігі түрінде берілуі мүмкін.

4. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімнің өзінің әрекет ету мерзімінен кем болмауы тиіс.

5. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету, егер ықтимал өнім беруші:

1) конкурстық өтінім берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімді қайтарып алса немесе өзгертсе;

2) конкурстың жеңімпазы ретінде анықтала отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймаса;

3) конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғаннан кейін мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, конкурстық өтінімді және тиісті қамтамасыз етуді ұсынған ықтимал өнім берушіге қайтарылмайды.

Бұл ретте, мемлекеттік сатып алу мемлекеттік бюджеттің есебінен жүзеге асырылған жағдайды, конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің кірісіне есепке алынады.

6. Конкурстың ұйымдастыруышы ықтимал өнім берушіге мына жағдайларда:

1) конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі өткендеге;

2) мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенде;

3) конкурстың жеңімпазы анықталмай, мемлекеттік сатып алу туралы рәсімдер

## Т О К Т А Т Ы Л ғ а н д а ;

4) конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінім қайтарылып алынғанда;

5) конкурстық құжаттаманың талаптарына сай емес деп табылып, конкурстық өтінім қабылданбағанда;

6) конкурстың жеңімпазы болып басқа ықтимал өнім беруші анықталғанда, енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып береді.

7. Осы баптың 6-тармағының 1)-5) тармақшаларында айтылған жағдайларда, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып беру осы жағдайлар күшіне енген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Осы баптың 6-тармағының 6) тармақшасында айтылған жағдайларда ықтимал өнім берушілердің, конкурс жеңімпазынан басқа, конкурстық өтінімдерін қамтамасыз етуді қайтарып беру осы жағдай басталған кезден бастап жиырма жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

## 15-бап. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу

1. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттерді конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде, уақытта және орында ашады. Конкурстық өтінім берген ықтимал өнім беруші немесе оның уәкілетті өкілі конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде қатысуға құқылы.

2. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде конкурстық комиссия қатысушы тұлғаларға ықтимал өнім берушілердің атауын және орналасқан жерін, олар ұсынған бағаларды, конкурстық өтінімдерді қайтарып алууды және өзгертуді, егер бұл орын алған болса, конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың бар екендігі немесе жоқ екендігі туралы ақпаратты хабарлайды және конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасын ж а с а й д ы .

Конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасының көшірмесі олардың сұраулары бойынша конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде қатыспаған ықтимал өнім берушілерге ж і б е р і л е д і .

## 16-бап. Конкурстық өтінімдерді қарau, бағалау және салыстыру әрі конкурсты қорытындылау

1. Конкурстық өтінімдерді қарau, бағалау және салыстыру кезінде:

1) конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарau, бағалау және салыстыруды жеңілдету үшін ықтимал өнім берушілерден конкурстық өтінім берулеріне байланысты түсіндірмелерді сұратуға құқығы бар;

2) конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап бермейтін конкурстық өтінімді осы талаптарға сәйкес келтіру үшін ешқандай да сұрау салуға, ұсыныстарға немесе

2. Егер конкурстық өтінімді конкурстық құжаттамада айтылған сипаттамаларды, шарттар мен басқа талаптарды айтарлықтай өзгертпейтін немесе олардан елеулі ауытқышылық болып табылмайтын болмашы ауытқулар болғанда немесе онда конкурстық өтінімнің мәнісін өзгертпей түзетуге келетін грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық комиссия конкурстық өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап беретін ретінде қарайды.

**3. Конкурстық комиссия, егер:**

1) осы конкурстық өтінімді берген ықтимал өнім беруші біліктілік талаптарына сайке л м е с е ;

2) ықтимал өнім беруші осы Заңның 14-бабының 2-тармағында айтылған жағдайларды қоспағанда, конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбесе;

3) осы конкурстық өтінім конкурстық өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тапсырылса немесе ол осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап бермесе, конкурстық өтінімді қабылдамайды.

4. Егер конкурсқа қатысуға біліктілік талаптарды қанағаттандыратын кемінде екі ықтимал беруші конкурстық өтінім бермесе, онда конкурстық комиссия осы лот бойынша конкурстық өтпеді деп таниды.

Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің біртекті түрлерін сатып алуға конкурс өткізу кезінде, егер қандай да бір лот бойынша біліктілік талаптарды қанағаттандыратын кемінде екі ықтимал беруші конкурстық өтінім бермеген болса, конкурстық комиссия осы лот бойынша конкурс өтпеген деп таниды.

Егер ұсынылған барлық конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттаманың талаптарына сай емес деп танылып қабылданбаса, конкурстық комиссия конкурстық өтпеген деп таниды.

5. Егер конкурс тұтастай алғанда немесе әлдебір лот бойынша өтпеген деп танылса, онда тапсырыс беруші :

1) конкурстық құжаттаманың мазмұнын өзгертуге және қайтадан конкурс өткізуге;

2) екі кезеңді рәсімді пайдалана отырып конкурс өткізуге құқылы.

6. Конкурстық комиссия осы баптың 7-тармағында айтылған жағдайларды

қоспағанда, конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап береді деп танылған конкурстық өтінімдерді бағалайды және салыстырады, тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің ең аз бағасы негізінде бағалық фактормен қатар мынадай өлшемдерді ескере отырып, жеңіп шыққан конкурстық өтінімді анықтайды:

1) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге

және жөндеуге арналған шығыстар;

2) тауарларды жеткізу, жұмыстарды аяқтау немесе қызметтерді көрсету мерзімдері;

3) тауарлардың функционалдық сипаттамалары;

4) төлем шарттары;

5) тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге кепілдік беру шарттары;

6) негұрлым жоғары экономикалық тиімділікті қамтамасыз ететін басқа да өлшемдер (қосымша инвестициялар, жұмыспен қамтуды ынталандыру, технологияны беру және басқарушылық, ғылыми және өндіріс кадрларын даярлау);

7) осы Заңның 25-бабына сәйкес отандық тауар өндіруші - ықтимал өнім берушілерді қолдау;

8) ықтимал өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер.

7. Консультациялық қызметтерді тарту мемлекеттік сатып алушың мәнісі болып табылған жағдайда:

1) конкурстық өтінімнің бағасы;

2) консультациялық қызметтердің сапалық сипаттамалары;

3) ықтимал өнім берушілердің осы қызметтердің рыногындағы жұмыс тәжірибесі;

4) ықтимал өнім берушінің және қызмет көрсетумен айналысатын ықтимал өнім беруші қызметкерлері құрамының біліктілік деректері, беделі, сенімділігі, кәсіптік және басқарушылық құзыреті таңдау өлшемдері болып табылады.

8. Конкурстық комиссия, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде конкурстың қорытындыларын шығарады.

9. Конкурстың қорытындылары отырысқа қатысқан конкурстық комиссияның мүшелері қол қоятын осы Заңның 17-бабына сәйкес хаттама түрінде ресімделеді.

10. Конкурстың қорытындысы шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастыруши конкурстың атауын, конкурс жеңімпазының атын және мекен-жайын, тауарлардың (жұмыстар мен қызметтердің) атауын және конкурс жеңімпазы ұсынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бірлігінің бағасын көрсете отырып, жүргізілген таңдау туралы мерзімді баспасөзде жарнамаларды жариялау жолымен барлық қатысқан ықтимал өнім берушіні хабардар етеді.

Конкурсты ұйымдастыруши конкурстың қорытындысы туралы хабарландыруды жариялаумен бірге бір мезгілде уәкілетті органға конкурстың қорытындысы туралы хаттаманың көшірмесін ұсынады.

## 17-бап. Конкурс қорытындылары туралы хаттама

1. Конкурс арқылы мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған кезде конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы оны ұйымдастыруши ресімдеуге міндettі, онда мұнадай ақпарат болуға тиіс:

1) сатып алғынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қысқаша сипаттамасы мен атауы;

2) конкурстың өтінімдер ұсынған ықтимал өнім берушілердің атаулары мен орналасқан жері, сондай-ақ конкурс жеңімпазының атауы, орналасқан жері және оның жеңімпаз деп танылған шарттары;

3) конкурстың өтінімдер ұсынған ықтимал өнім берушілердің біліктілік деректері туралы ақпарат немесе осындай деректердің болмауы туралы ақпарат;

4) әрбір конкурстың өтінімнің бағасы және басқа негізгі жағдайларының қысқаша мазмұны;

5) конкурстың өтінімдерді бағалау мен салыстырудың мазмұны;

6) конкурстың өтінімдерді қабылдамаудың тиісті себептерін көрсету;

7) егер конкурс нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса, тиісті себептерді көрсету;

8) конкурстың құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салулардың, оларға берілген жауаптардың қорытылған мазмұны, сондай-ақ конкурстың құжаттамадағы өзгерістер мен толықтырулардың қорытылған мазмұны;

9) мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылуға тиісті

(конкурстың жеңімпазына хабарлаған кезден бастап үш күннен аспайтын) мерзімде көрсетіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ақпарат конкурсқа қатысуға конкурстың өтінім берген кез келген ықтимал өнім берушінің талап етуі бойынша конкурстың қорытындысы шығарылғаннан кейін табыс етіледі. Егер бұл ақпарат Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын болса, онда ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заннамасында көзделген тәртіппен беріледі.

## 3-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ БАСҚА ТӘСІЛДЕРМЕН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ

### 18-бап. Жабық конкурс

1. Жабық конкурс тауарлар, жұмыстар және қызметтер олардың күрделі немесе

мамандандырылған сипаты себебіне байланысты ықтимал өнім берушілердің шектеули санында ғана болған және осындай ықтимал өнім берушілер алдын ала хабарландырылған жағдайда өткізіледі.

2. Жабық конкурсты өткізу туралы хабарлама сатып алынатын тауарлары, жұмыстары және қызметтері бар барлық ықтимал өнім берушіге осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдағанға дейін бір айдан кешіктірмей жіберілуі тиіс.

Хабарлама жіберілетін ықтимал өнім берушілердің тізімін конкурсты ұйымдастырушының басшысы бекітеді.

3. Конкурсты ұйымдастырушы ықтимал өнім берушілерге хабарлама жіберумен бір уақытта өткізілетін конкурс туралы уәкілетті органды хабардар етеді және оған хабарламаның мәтінін жібереді.

4. Жабық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, осы Заңның 2-тарауында айтылған нормалар қолданылады.

#### 19-бап. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс

1. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс:

1) тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің ерекшеліктерін толық қалыптастыру қыын болғанда және тапсырыс беруші ықтимал өнім берушілердің конкурстық ұсыныстарын сұрауы және олармен келіссөз жүргізуі қажет болғанда;

2) ғылыми зерттеулер, эксперименттер, іздестірулер немесе өзірлеулер жүргізу қажет болжаңда;

3) бір кезеңді ашық конкурс немесе жабық конкурс оның жеңімпазын анықтамаған жағдайда өткізіледі.

2. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс мынадай кезеңдердің:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге сипаттарына, оларды берудің (орындаудың) шартты талаптарына қатысты ұсыныстарды ықтимал берушілердің конкурстық құжаттаманың негізінде сұраудың; конкурстық құжаттамаға сәйкес бағаларын көрсетусіз ықтимал өнім берушілер ұсынатын бастапқы конкурстық өтінімдерді қараудың; ықтимал өнім берушілердің біліктілік деректерін қараудың; қажет болған кезде тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге сипаттарына, оларды берудің (орындаудың) шартты талаптарына қатысты мәселелерді ықтимал береүшілөр мен талдаудың;

2) ықтимал өнім берушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің техникалық, сапалық немесе өзге сипаттарының негізінде конкурстық құжаттамаға конкурсты ұйымдастырушының өзгерістер енгізуі; конкурстың бірінші кезеңінен өткен ықтимал өнім берушілерге түпкілікті конкурстық өтінімдерді беру; олардың бағасы

және бағалық ұсыныстарды және бағалау өлшемдерін ескере отырып салыстыру, конкурс қорытындыларын шығарудың жиынтығын білдіреді.

3. Екі кезеңді рәсімдерді пайдаланып өткізілетін конкурс арқылы мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру кезінде бастапқы конкурстық құжаттама осы Заңың 12-бабы 1-тармағының 2), 7)-9) тармақшаларында айтылған ақпаратты қамтymайды.

4. Іқтимал өнім берушінің конкурстық өтініmdі қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан түпкі конкурстық өтініmdі ұсынбауға құқығы бар.

5. Конкурстық комиссия түпкі конкурстық өтініmdері бар конверттерді ашқан күннен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурстық қорытындысын шығарады.

6. Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру кезінде, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, осы Заңың 2-тарауында айтылған нормалар қолданылады.

Екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру кезінде, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, осы Заңың 18-бабында айтылған нормалар қолданылады.

## 20-бап. Баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау

1. Баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау егжей-тегжейлі ерекшеліктерінің тапсырыс беруші үшін елеулі маңызы жоқ, елеулі шарты оның бағасы болатын нақты тауар, жұмыс және қызмет көрсетуге жүргізіледі.

2. Баға ұсыныстарын сұрауды пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау егер тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің қандай болса да бірыңғай түрін сатып алу көлемі құны жағынан Қазақстан Республикасының заңдарында тиісті қаржы жылышынң бірінші тоқсанына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайдаға ғана қолданылады.

3. Баға ұсыныстарын пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылды ішінде тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бірыңғай түрлерін сатып алушың жылдық көлемін ең болмағанда біреуінің мөлшері осы баптың 2-тармағында белгіленгеннен кем болатын бөліктерге бөлшектеуге жол берілмейді.

4. Тапсырыс беруші кем дегенде екі қосылмаған ықтимал өнім берушіден сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге жазбаша баға ұсыныстарын сұратады және белгіленген мерзімде түскен барлық баға ұсыныстарын қарайды. Тапсырыс беруші ең төмен баға ұсынысын тапсырған ықтимал өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алады.

Ескерту: ықтимал берушінің үлес тұлғасы - шешімдерді тікелей және (немесе)

жанама анықтауға және (немесе) осы ықтимал өнім беруші қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде шарттың немесе өзге де мәміленің күшіне ықпал етуге құқығы бар жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты осы ықтимал өнім берушінің осындай құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға.

## 21-бап. Бір көзден мемлекеттік сатып алу

1. Бір көзден мемлекеттік сатып алу конкурсты қолданбай сатып алушы білдіреді және мұнадай жағдайларда:

1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер табиғи монополист болып табылатын өнім берушіде ғана болғанда немесе қандай да бір нақты ықтимал берушінің осы тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қатысты айрықша құқығы болғанда, балама жоқ болғанда;

2) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген хабарлануы салдарынан конкурстың өткізуіне мүмкіндік бермейтін тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге шұғыл қажеттілік туындағанда;

3) тапсырыс беруші қандай да бір өнім берушіден тауарларды, жабдықтарды технологияларды немесе қызметтерді сатып ала отырып, сол берушіден сәйкестендіру, стандарттау немесе қажетіне қарай қолдағы тауарлармен, жабдықтармен, технологиямен немесе қызметтермен қосылуын қамтамасыз ету жөнінде басқа сатып алушы жүргізуі тиіс екендігін анықтайды;

4) конкурсты өтпей қалды деп танылған кезде тапсырыс беруші осы Заңның 16-бабының 5-тармағында көзделген шараларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға әкеп соқтырмағанда ғана жүргізіледі;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша осы баптың 3-, 4-тармақтарына сәйкес нақты өнім берушілер белгіленетін маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу жүргізіледі.

2. Егер тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің біртекті тұрлерін сатып алушың жылдық көлемі құндық мәнде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тиісті қаржы жылышың бірінші тоқсанына арналған айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен асып түссе, табиғи монополиялардың тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) субъектілерін қоспағанда, осы баптың 1), 3) және 4) тармақшаларында айтылған жағдайларда мемлекеттік сатып алу уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырылады. Қаржы жылы ішінде тауардың, (жұмыстың, қызмет көрсетудің) біртекті тұрлерін сатып алу көлемінің ең болмағанда біреуінің мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті қаржы жылышың бірінші тоқсанына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен кем болатын бөліктерге ұсақтауға жол берілмейді.

3. Мемлекеттік сатып алушы бір көзден жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші осындай ықтимал өнім берушіден тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің осы ықтимал өнім беруші ұсынып отырған бағасының барлық қажетті негіздемелерін сұратады.

4. Мемлекеттік сатып алушы бір көзден жүзеге асыру кезінде ықтимал өнім беруші осы Заңыңда 8-бабында көзделген біліктілік талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

5. Бір көзден сатып алушы жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші сатып алу туралы хаттама жүргізуі тиіс, онда мынадай ақпараттар:

1) бір көзден мемлекеттік сатып алу әдісін қолданудың негіздемесі;

2) бір көзден сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің қысқаша сипаттамасы;

3) өзімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалатын өнім берушінің атауы және орналасқан жері және осындай шарттың құны қамтылуы тиіс.

## 22-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу

1. Тапсырыс беруші конкурс жеңімпазы болып танылған ықтимал өнім берушіге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді.

2. Конкурстың жеңімпазы оның конкурстық өтінімін жеңіп шықты деп тануы туралы хабарламаны және мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын алған кезден бастап үш күн ішінде осы шартқа қол қоюға немесе тапсырыс берушіні келіспеушіліктер туралы немесе шартқа қол қоюдан бас тарту туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

3. Егер конкурс жеңімпазы деп танылған ықтимал өнім беруші осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймаса, тапсырыс беруші ұсынысы тапсырыс беруші үшін конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес жеңімпаздың ұсынысынан кейінгі ең қолайлы конкурсқа басқа қатысушымен шарт жасасуға құқылы.

4. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына немесе мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартқа, өнім берушіні таңдауға негіз болған ұсыныстың мағынасын өзгеретін қандай да болсын өзгерістер мен жаңа шарттарды енгізуге тараптарға жол берілмейді.

5. Тапсырыс беруші өнім берушіден Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде және тәртіппен мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуді талап етуге құқылы. Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, егер ол конкурстық құжаттамада көзделген жағдайдағанда енгізеді.

6. Тапсырыс беруші шартта оның тиісті түрде атқарылуы үшін айыппұл

санкцияларын

көздеуге

міндettі.

#### 4-тaraу. АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР

23-бап. Қорғаныс, құқықтық тәртіп және ұлттық қауіпсіздік қажеттерін қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік сатып алудың ерекше шарттары

Корғаныс, құқықтық тәртіп және ұлттық қауіпсіздік қажеттерін қамтамасыз етуге арнап мемлекеттік сатып алу құпиялылық режимін мемлекеттік сатып алу процесі үшін сақтауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетінің кепілдігін қамтамасыз етудің айрықша тәртібін белгілеу талап етілетін жағдайларды қоспағанда, осы Заңға сәйкес жүргізіледі. Осындай сатып алуды жүргізуіндің ерекше тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

24-бап. Жеке тұлғалар үшін мемлекет кепілдік берген қызметтерді сатып алудың ерекше шарттары

Қазақстан Республикасының заң актілерімен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен мемлекет кепілдік берген қызметтерді берушіні сайлау құқығы тікелей жеке тұлғаға берілген жағдайда, тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен белгіленген бағалар (тарифтер) бойынша жеке тұлға таңдаған өнім берушіден осы қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

25-бап. Отандық тауар өндірушілерді қорғау шарттары

1. Отандық тауар өндіруші - ықтимал өнім берушілер женіп шыққан конкурстық өтінімді анықтаған кезде тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін басымдыққа ие болады.

2. Отандық тауар өндіруші - ықтимал өнім берушілерге басымдық беру шарты конкурстық құжаттамада айтылуы тиіс.

3. Егер Қазақстан Республикасының аумағында орындалатын жұмыстар немесе қызметтер мемлекеттік сатып алудың мәнісі болса, тапсырыс беруші отандық (қазақстандық) шикізат пен материалдарды, жергілікті (қазақстандық) еңбек және өндіріс ресурстарын пайдалана отырып, сатып алынатын жұмыстар мен қызметтердің орындалуын талап етуге құқылы. Осындай талап конкурстық құжаттамада айтылуы тиіс.

26-бап. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтер көрсетудің номенклатурасы мен көлемін (пайыздық көрсеткіште) Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын белгілейді.

2. Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс ұйымдастыру кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінен конкурстық өтінімдер түспеген жағдайда ұйымдастырушы сатып алуды зандарда көзделген тәртіппен жалпы негізде жүзеге асыруға құқылы.

#### 5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

27-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуын бақылау

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына сәйкес тапсырыс беруші жүзеге асырады.

28-бап. Конкурсты ұйымдастырушының, тапсырыс берушінің және конкурстық комиссияның іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасау

1. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнама бұзылған жағдайда, кез келген ықтимал өнім берушінің мемлекеттік сатып алу процесінің өткізілу барысында конкурсты ұйымдастырушының немесе тапсырыс берушінің іс-әрекеті мен шешімдеріне шағым беруге құқығы бар. Бұл ретте, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін таңдау шағым жасалу объектісі бола алмайды.

2. Мемлекеттік сатып алу туралы зандардың бұзылу фактісі анықталған жағдайда, уәкілетті орган конкурсты ұйымдастырушы (тапсырыс беруші) шешімдерінің жарамсыздығы туралы немесе конкурстық комиссияның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуы туралы шешім қабылдауға, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу процесін тоқтату туралы шешім қабылдауға құқығы бар.

Бұл ретте, егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған болса, уәкілетті орган осы мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқығы бар.

#### 29-бап. Дауларды шешу

Мемлекеттік сатып алу процесінде туындайтын барлық дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

#### 30-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы заннаманы бұзғаны үшін жаупкершілік

Конкурсты ұйымдастырушиның, тапсырыс берушінің, ықтимал өнім берушінің және өнім берушінің лауазымды тұлғалары, сондай-ақ конкурстың комиссияның төрағасы мен мүшелері мемлекеттік сатып алу туралы заңдардың бұзылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауп береді.

#### 31-бап. Өзге ұйымдардың мемлекеттік сатып алу рәсімдерін қолдану мүмкіндігі

Осы Заңның іс-әрекетіне жатпайтын ұйымдардың меншік иесінің шешімі бойынша осы Заңның нормаларына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға құқығы бар.

#### 32-бап. Осы Заңды қолдануға енгізу тәртібі

Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолдануға енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЗАҢЫ

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы

1-бап.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы  
16 шілдедегі

Z970163\_

Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің  
Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 216-құжат; 1998 ж., N 23, 415-құжат; 1999 ж., N  
23, 932-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2-бап.

Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.